



Бекітемін:
№81 Халықаралық «Astana English school»
мамандандырылған гимназия директоры
Г.Д.Садыкова

№81 «Astana English school»
мамандандырылған гимназиясының
оқушыларға арналған гимназияның
ішкі тәртіп ережесі

2023-2024 жыл

I. Жалпы ережелер

Осы ережелер оқушылардың гимназия ғимаратында және аумағында мінез-құлық нормаларын бекітеді. Ереже мақсаты - оқу-тәрбие үрдісін табысты жүргізуге ықпал ететін, тұлғаның және оның құқығын сыйлауды қалыптастыратын қарым-қатынас мәдениетін дамытуға ықпал ететін қалыпты жұмыс жағдайын қалыптастыру.

1. Жалпы мінез-құлық ережелері

- Оқушы гимназияға таза және ұқыпты киініп, сабақ басталардан бұрын 5-10 минут ерте келеді. Гимназияға келген оқушы сыпайылық ережесін сақтауы тиіс.
- Гимназия ғимаратына немесе гимназия аумағына кез келген мақсатпен суық қару, жарылғыш және өрт қауіпті заттар, үшкір, кескіш-тескіш заттар, спиртті ішімдіктер, есірткі және басқа да ақыл-естен айыратын улы, газды баллондар әкелуге тыйым салынады.
- Гимназия қабырғасынан сабақ уақытында сынып жетекшінің рұқсатынсыз кетуге болмайды. Сабақтан қалған оқушы сынып жетекшіге дәрігердің анықтамасы немесе сабақтан қалу себебін түсіндіретін басқа құжат алып келуі тиіс. Сабақтан себепсіз қалуға қатаң тыйым салынады.
- Гимназия оқушылары оқу процесі кезінде мектеп ауласынан шығуға болмайды.
- Мектепке алтын әшекейлік бұйымдар тағып келуге болмайды, шашты әр түрлі түске бояуға тыйым салынады.
- Мектепке қымбат ұялы телефон әкелуге болмайды.
- Мектеп ішінде бас киіммен жүруге болмайды, мектепте хиджаб киюге болмайды.
- Гимназия қабырғасынан сабақ уақытында гимназия әкімшілігінің рұқсатынсыз кетуге болмайды.
- Оқушыларға білім беру орындарында тұтынуға тыйым салынған азық-түліктерді дүкендерден сатып алып гимназияға әкелуге, тұтынуға болмайды.
- Гимназия оқушысы сабаққа келгенде қажетті оқу құралдарын, кітап, дәптер, күнделігін алып келеді. Оқушы сабаққа үй тапсырмасын орындап, сабақ кестесі бойынша барлық оқулықтарын алып келеді. Гимназия оқушысы оқулықтың толық сақталуы үшін жекежауапкершілік алады.
- Гимназия оқушысы үлкендерді сыйлайды, кішілерді қамқорлыққа алады. Оқушылар мен ұстаздар бір-біріне сыйластықпен қарым-қатынас жасауы тиіс. Гимназия оқушылары үлкендерге, жоғары буын оқушылары кіші буын оқушыларына, ұлдар қыздарға жол беруі тиіс.

- Кез келген гимназиядан тыс жерде гимназия оқушылары өздерінің тәрбиелі мінез-құлқымен ерекшеленуі тиіс.
- Оқушылар гимназия мүлкін ұқыпты ұстауға, сақтауға, бүлдірмеуге және бұзылған жағдайда жөндеуге мүмкіндігінше көмек беруге міндетті.

II. Сабақ үстіндегі тәртіп ережесі

2.1. Мұғалім сыныпқа кірген кезде оқушылар орындарынан тұру арқылы сәлемдеседі. Осылайша оқушылар сыныпқа кірген кез келген үлкен адамды қарсы алады.

2.2. Әр пән мұғалімі өз пәні бойынша арнайы ережелерді анықтайды. Ол ережелер Қазақстан Республикасының Заңдарына, нормативті құжаттарға және гимназия ережесіне қарсы келмеуі тиіс. Осы ережелерді әр оқушы ұстануға міндетті.

2.3. Сабақ барысында шулауға, басқа нәрселермен айналысуға, басқа оқушыларды бос сөзбен, ойынмен, сабаққа қатысы жоқ істермен көңілін бұзуға тыйым салынады. Сабақ уақыты оқу мақсатында қолданылуы тиіс. Мұғалімнің (сынып жетекшінің) талап етуі бойынша оқушы күнделігін тез арада көрсетуі тиіс. Күнделік таза және ұқыпты жүргізілуі тиіс. Әрбір оқу аптасының аяғында күнделікке ата-анақолы қоюы керек.

2.4. Егер сабақ кезінде оқушыға сыртқа шығу керек болса, ол қолын көтеріп мұғалімнен рұқсат алады.

2.5. Сабақ уақытында ұялы телефонды өшіріп алдын ала мұғалімге тапсырып қою керек.

III. Сабақ басталар алдындағы, үзілістегі және сабақ соңындағы ережелер

3.1. Сабақ басталар алдында:

Алғашқы қоңырау соғылғанға дейін кабинетке келу; алғашқы қоңыраудан соң мұғалімнің рұқсатымен сыныпқа кіріп, сабаққа дайындалу.

3.2. Үзіліс кезінде оқушылар міндетті:

Өз жұмыс орнында тазалық пен тәртіп сақтауға; сыныптан шығуға; дәлізде және баспалдақта оң жақпен жүру; гимназия қызметкерлерінің, мұғалімдердің талаптарына бағыну; мұғалімнің сұранысы бойынша сыныпты келесі сабаққа дайындау; сабаққа кешіккен жағдайда есікті қағып, кірген соң мұғаліммен амандасып, кешіккені үшін кешірім сұрап, орнына отыруға рұқсат сұрауы керек.

3.3. Үзіліс кезінде оқушыларға тыйым салынады:

Дәлізде, терезенің жанында және ойынға арналмаған басқа жерлерде жүгіруге; бірін – бірі итеруге, заттарды лақтыруға және кез-келген мәселені шешу үшін күш көрсетуге; басқа адамның абыройы мен дәрежесін түсіретін

сөздерді қолдануға, шулауға, басқаларға демалуға кедергі жасауға, гимназия территориясынан кетуге болмайды.

3.4.Сабақтан соң:

Ұқыпты киініп, сыйластық ережесін сақтай отырып, гимназия ғимаратынан кеткен соң гимназия территориясында топталып тұруға қатаң тыйым салынады.

3.5.Сыныптың кезекшісі:

Үзіліс кезінде сыныптағы тәртіпті сақтайды, бөлмені желдетеді; мұғалімге кабинетті келесі сабаққа дайындауға; тазалықты сақтап, қажетті санитарлық жағдайларды сақтайды.

3.6. Оқушылар асханада болғанда:

Мұғалім мен асхана қызметкерлерінің талаптарына бағынады; тамақ алу кезінде кезек күтеді; ыстық, сұйық тамақты алу және ішу кезінде ақ болу; асханадан алған тамақты тек асханада ішу; тамақ ішіп болған соң, ыдыстарды жинап кету. Балаларға білім беру орталығында тыйым салынатын, сатуға тыйым салынған жерлерден сатып алынған азық-түліктерді гимназияға әкелуге, қолдануға болмайды.

4.Қорытынды жағдайлар

Гимназия оқушыларына сабақтан себепсіз қалуына болмайды.

Оқушылар гимназия қабырғасында жүргенде, мектепішілік іс-шаралар барысында өзіне және басқалардың өміріне қауіпті әрекеттер жасамауы тиіс; Оқушылар сабақ біткен соң, сабақтан тыс іс-шаралар барысында мұғалімнің рұқсатынсыз гимназия ғимаратына кіруге рұқсат етілмейді;

Осы ереже гимназия территориясы мен гимназия әкімшілігі мен мұғалімдері өткізген іс – шараларға қатысты.

Осы ережені бұзған жағдайда оқушылар гимназияның ішкі тәртіп ережесіне сәйкес тәртібі Гимназия тәртіп кеңесінің талқысына салынады, ата-анасы шақырылып тәртіптік шара қолданылады.

Гимназия оқушыларының формасы жөніндегі

ЕРЕЖЕ

I. Жалпы ережелер

Оқу – тәрбие үрдісінің мақсаты мен міндетіне, гимназия қызметінің әдістемелік негізіне сәйкескелетін гимназия оқушысының сырт келбеті – тәртіп сақтау және оқу мотивациясын көтеруге қажетті мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру, іскерлік атмосферасын құрудың маңызды факторларының бірі.

Оқушының сырт-келбетіне қойылатын талаптар Қазақстан Республикасының «Білім заңына» негізделеді, Гимназия Жарғысының, тазалық және гигиена ережелерінің талаптарынан туындайды, этикалық және эстетикалық аспектілерді енгізе отырып, өзін-өзі сыйлауға, жеке және қоғамдық гигиена дағдыларын қалыптастыруға, гимназия беделін көтеруге бағытталады.

II. Оқушылардың құқықтары мен міндеттері

2.1. Гимназия оқушысы сабаққа таза, ұқыпты және мектеп формасын киіп келуге міндетті.

2.2. Гимназия формасына қойылатын талаптар
Форманың жалпы стилі – классикалық, іскерлік.

Жалпы гимназия оқушыларының формасы

Ұлдар – ақжейді, көк түсті шалбар, бомбер, галстук, туфли

Қыздар – ақ түсті жейде, көк түсті бомбер және белдемше (тым қысқа немесе тым ұзын болмауы керек), шалбар (қысқы мезгілде).

Спорттық киімдер

Спорттық киімге қойылатын талаптар: спорттық киім, (қысқы мезгілде – кара немесе кара-көк түсті спорттық костюмдер), спорттық платформасыз аяқ киім. Спорттық киім дене шынықтыру сабағы, спорттық жарыстар, Денсаулық күніне және т.б. арналған.

2.3. Оқушы спорттық киімді дене шынықтыру сабағы болатын күні немесе спорттық жарыс болатын күні өзімен бірге алып келуге міндетті.

Қатаң түрде тыйым салынады:

-Мектеп ішінде оқушының бас киіммен жүруіне;

-маникюрмен, макияжбен және ашық түсті, көлемді әшекей тағып келуге, жастардың әр түрлі бейресми топтардың атрибуттарын, сабақ үстінде ұялы телефон мен сөйлесу құрылғыларын (минимикрофондар, т.б.) қолдануға;

-джинсы, дискотека киімін киіп келуге;

- шашты әр түрлі түске бояуға тыйым салынады.

III. Ата-аналардың құқықтары мен міндеттері

Ата-аналар киімнің қатаң классикалық стиліне сәйкескелетін қарауға міндетті.

Ата – аналар күнделікті өз баласының осы Ережелерге сайболуын қадағалауы тиіс.

IV. Осы Ереженің талаптарының орындалуын қадағалау

4.1. Сырт келбетке байланысты осы Ереженің талаптарының орындалуы күнделікті қадағаланады және келесі деңгейлерде іске асырылады:

1. Сынып ұжымында -бекітілген сынып жетекші;
2. Ауысым бойынша – директордың оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасары;
3. Жалпы гимназия бойынша – гимназия директоры.
4. Осы Ереже талаптарын жүйелі түрде бұзған және оған мойын ұсынудан бас тартқан оқушыларға Гимназия жарғысына сәйкес тәртібі Гимназия кеңесінің талқысына салынады, ата-анасы шақырылып тәртіптік шара қолданылады.